

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ

Майра ЖОЛШАЕВА*
Абдул АБДУЛКӘРІМ**

Түйіндеме: Білім беру мен тәрбие саласында оң нәтижелерге қол жеткізу үшін эмоционалды интеллектіні дамытудың қажеттілігі туындаған тұста эмоционалды интеллект теориясы білім саласындағы өзекті тақырыптардың біріне айналды. Мақалада педагогикалық дискурстағы эмоционалды интеллекті туралы көзқарастар талданады. Алдымен, «дискурс» терминінің мәні ашылып, одан кейін педагогикалық дискурстың ерекшеліктері баяндалады. Эмоционалды интеллект теориясына негіз болған Г.Гарднердің «көп интеллект» теориясы қарастырылады. Эмоционалды интеллект – бұл адамның өзінің және басқа адамдардың эмоциясын басқара алуы, эмоцияларды тани алуы, басқа адамдар мен өзінің қалауын, ниеті білуі мен түсінуі. Эмоционалды интеллектінің құрамдас бөліктері немесе аспектілеріне мыналар жатады: эмоцияны тану және қабылдау; эмоцияны басқару және когнитивті әрекетте эмоцияны қолдану. Адамның өз эмоциясын басқара алуы, басқа адамның эмоциясын түсіне алу қоғамның қай саласында болмасын маңызды саналады. Қазіргі педагогикадағы көп интеллекті мен эмоционалды интеллектіге негізделген білім берудің үлгісі білім беруде оқушының индивидуалды қырын дамытуға басымдық береді.

Тірек Сөздер: *Педагогикалық Дискурс, Эмоционалды Интеллект, Эмпатия, Оқу Үдерісі, Білім Беру*

Emotional Intelligence in Pedagogical Discourse

Abstract: The theory of emotional intelligence has become one of the most relevant topics in the field of education when there is a need to develop emotional intelligence in order to achieve positive results in the field of education and training. The article analyzes views on emotional intelligence in pedagogical discourse. First, the meaning of the term "discourse" is defined, and then the features of pedagogical discourse are described. G. Gardner's theory of "multiple intelligence", which is the basis for the theory of emotional intelligence, is evaluated and revisited. Emotional intelligence is a person's ability to control his own and consider other people's emotions, to differentiate emotions, and to know and understand the desires and intentions of other people and himself. It is important for a person to be able to control his emotions and to understand other people's emotions, regardless of the sphere of society. This article highlights the importance of a model of education based on multi-intelligence and emotional intelligence in modern pedagogy gives priority to the development of the individual aspect of the student in education.

Key Words: *Pedagogical Discourse, Emotional Intelligence, Empathy, Educational Process, Education*

Кіріспе

Қазіргі заман – ақпараттар заманы. Ақпараттар ағынының цифрлық технологиялар заманы саналатын кезеңде көз ілеспес жылдамдығы адамнан оны қабылдап, түсініп, қорытынды жасауда шапшаң әрі қажетін сұрыптап, сараптап ала білуге икемді болуын талап етеді. Бұл – ХХІ ғасыр адамы үшін цифрлық сауаттылықтың қаншалықты маңызды екендігін аңғартса, қарым-қатынас жасай білу дағдысы да сондай мәнге ие. Сондықтан ХХІ ғасыр адамы үшін тұлғалық та, кәсіби де даму жолында икемді дағдыларының (soft skills) болуы – өзекті және маңызды фактор. Жалпы қарым-қатынас мәселесі және адамның қарым-қатынас жасауда табысты болуына тікелей ықпал етуші–эмоционалды интеллект. Білім беру саласындағы эмоционалды интеллект теориясы жайында айтпас бұрын, алдымен, педагогикалық дискурс және эмоционалды интеллект туралы түсініктерге жеке-дара тоқталамыз.

Дискурс (латын тілінде *discursus*–пайымдау, француз тілінде *discours* – сөйлеу) – күрделі категория, сондықтан оған берілген анықтамалардың көп және әрқилы болуы заңды. Дискурс теориясына қатысты зерттеулерге талдау жасай келе, Жумагулова (2009: 7-8) бұл терминнің ұғымдық мәні мен оның ғылыми еңбектерде қолданылуын үш негізгі топқа бөліп қарастырады.

* Филология ғылымдарының докторы, SDU University Профессоры, SDU University, Қаскелең, Қазақстан, maira.zholshayeva@sdu.edu.kz

** SDU University докторанты, SDU University, Қаскелең, Қазақстан, a.abdulrahmanuly@sdu.edu.kz

Бірінші топ–дискурсты тілдік феномен деп тану. Бұл топтың өкілдері: Кибрик, Степанов, Звегинцев және т.б.. Мәселен, Кибрик (1994: 127) дискурсты морфологиядағы морфема, синтаксистегі сөз тіркесі сияқты лингвистикалық зерттеулердің нысаны» деп түсінеді. Бұл оймен мәнделс болып келетін тұжырымды Звегинцев (1976: 170) былайша өрбітіп, «мағыналық жағынан бір-бірімен байланысты екі немесе бірнеше сөйлемнің тізбегін дискурс» деп атайды.

Екінші топ – дискурсқа сөйлеу феномені деп қарау. Бұл пайымдауды ұсынатын ғалымдар қатарына Ворожбитова, Гальперин, Борботько, Комиссарова және т.б. жатқызуға болады. Мәселен, Комиссарова (2008: 6) дискурсты «сөйлеу әрекеті контекстіндегі мәтін» деп таниды. Мұны басқаша сөйлеу деңгейінде қарастырылатын мәтін деп те түсіндіруге болады.

Үшінші топты құрайтындар дискурсты тіл мен сөйлеу арасындағы құбылыс ретінде қарастырады. Бұл орайда Красина, Карасик және т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Мәселен, Карасик (2004: 231): «дискурс – қарым-қатынас, сөйлеу және тіл арасындағы құбылыс, бір жағынан алғанда, мәтінге бекітілген болса, екінші жағынан, «қарым-қатынаста» көрінетін нәрсе» деп жазады. Дискурс мәтіннің коммуникациядағы көрінісі деуге болады.

Дискурс – коммуникативтік кеңістікте жүзеге асатын жазба мәтінде не ауызша сөйлеу тілінде орнығып отыратын коммуникативтік оқиға және интерпретациялайтын коммуникативтік әрекеттер нәтижесі. Бұл тұрғыдан, дискурс – коммуникативтік әрекеттің ауызша және жазбаша түрдегі вербальді көрінісі (Жолшаева & Жаңабекова, 2021: 98). Дискурс–экстралингвистикалық, атап айтқанда, парадигматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлармен байланыста болатын мәтін (Ерназарова, 2017: 48).

Арутюнова (1990: 136) дискурста барлық экстралингвистикалық факторлардың ескерілетіндігін негізге ала отырып, «дискурс – шынайы өмірге кіріктірілген сөз» деп нақтылай түседі. Дискурстың бұл ерекшелігін америкалық зерттеуші Дейк (2001: 345) те атап көрсетеді және дискурсты «шынайы тілдік жағдаятқа негізделген мәтін» деп анықтайды.

Сонымен, дискурсқа берілген анықтамаларды жинақтай келе, мынандай тұжырым жасауға болады: дискурс–коммуникацияға негізделіп, экстралингвистикалық факторлармен анықталатын мәтін.

Дискурс – күрделі құбылыс, қазіргі кезде пәнаралық ұғым ретінде сипатталуы дискурс түрлерін саралауға негіз болады. Мәселен, философия, педагогика, медицина, әлеуметтану, саясаттану, психология, заң, дінтану, журналистика және т.б.. Сәйкесінше, әр сала дискурсқа қатысты бағыттарын, тәсілдерін қалыптастырып, дискурсивті талдау жасайды. Осымен байланысты, төмендегідей дискурс түрлері ұсынылып жүр: медиадискурс, саяси дискурс, педагогикалық дискурс, компьютерлік дискурс, медициналық дискурс, сот дискурсы, діни дискурс және т.б.. Дискурс түрлерін ажыратуда ұстанатын келесі бір өлшем, қатысушыларға қатысты алынатын меже, бұл орайда дискурс түрлері жеке адамға қатысты және институционалды деп ажыратылады. Ал дискурстың қалған түрлері осы аталған екі типтің ішінде қарастырылады (Ежова, 2009: 176).

Дүйсебекова педагогикалық дискурсты формасы жағынан институционалды, мазмұны жағынан жеке тұлғаға бағытталған дискурстың түріне жатқызады. Ол өзінің зерттеу жұмысында педагогикалық дискурстың мақсаты тек тұлғаның танымдық үдерісін ұйымдастыруға ғана бағытталмай, сонымен қатар, тұлғаның толыққанды дамуына жағдай жасай алуы тиіс деген ой айта келе, педагогикалық дискурстың сипаттары ретінде мыналарды атайды:

- әлеуметтік сипат (дискурстың қай түрі болмасын әлеуметтік сипатқа ие);

- полисубъектілік (бірнеше қатысушысының болуы);
- полифункционалдылық (педагогикалық қарым-қатынасқа тән функциялардың барлығын атқаруы);
- когеранттылық (дискурс компоненттері арасындағы құрылымдық-мазмұндық байланыстың болуы);
- динамикалық сипаты (әсер етуші факторларға байланысты дамуы);
- прагматикалық сипаты (белгілі бір дітті көздеуі);
- жағдаятқа тәуелділігі (әлеуметтік, мәдени, жеке тұлғаға қатысты т.б. жағдаяттардың толыққанды ескерілуі). Ал педагогикалық дискурстың аспектілері мақсат, дискурсқа қатысушылар, бағытталатын құндылықтар, білім алу ортасы, құрылымдық мазмұнды қамтитындығын атап көрсетеді (Дүйсебекова, 2019: 70).

Сонымен, педагогикалық дискурс – жеке тұлға мен қоғамның толыққанды мүшесі қалыптасатын, мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуінің жүйесі. Мұғалім белгілі бір «бағыттаушы» рөлін атқарады, ол дұрыс көзқарастар мен мінез-құлықты насихаттап, білім алушыларды бағыттап, түзете алады, әлем құрылымының нормалары мен ережелерін түсіндіруге қабілетті.

Педагогикалық дискурс институционалды және оның қатысушылары – оқытушы және білім алушы. Негізінен, оқытушы немесе педагогтің кәсіби педагогикалық құзіреттіліктің құрылымы ретінде мыналар көрсетіледі: 1) жалпы; 2) арнайы; 3) психологиялық-педагогикалық (Иванчикова, 2010: 7). Педагогикалық дискурста педагогтің кәсіби құзыреттілігі көптеген коммуникативтік міндеттерді шешеді: түсіндіреді, дәлелдейді, қорытындылайды, үйлестіреді, ұйымдастырады, бағыттайды, сұрайды, бағалайды. Көрсетілген міндеттерді шешуде эмоционалды интеллектінің рөлі маңызды саналады.

«Эмоционалды интеллект» (ЭИ) – ғылыми айналымға салыстырмалы түрде алғанда кейін енген және соңғы жылдары әлеуметтік-гуманитарлық салаларда кең қолданысқа ие болып отырған термин. Мұндағы екі сөздің сөздіктердегі дефиницияларын жеке-дара алып қарастырғанда, «интеллект» сөзі латынның *intellectus*, беретін мағынасы «адамның ойлау қабілеті, ақыл, есі» (Қазақ әдеби тілі сөздігі, 2007: 304) дегенді білдіреді. Ал «эмоция» сөзінің негізінде жасалған «эмоционалды» лексемасы «тез әсерленетін сезім әрекетінен туатын, соны білдіретін» (Қазақ әдеби тілі сөздігі, 2011: 786) сөз ретінде түсіндірілген.

Психолог Гарднер (2007: 16) «интеллект» терминінің үш түрлі мағынасын ажыратып қарастырады:

1) тіршілік иесі саналатын барлық адамға тән қасиет (әрқайсымызда сегіз немесе тоғыз интеллект бар);

2) адамдарды бір-бірінен ерекшелендіретін сапа (интеллектуалды профилі бірдей адам жоқ, тіпті монозиготалы егіздерде болмайды);

3) адамның өз қызығушылықтарын ескере отырып, белгілі бір міндеттерді орындау тәсілі (Джоның музыкалық интеллектісі өте жоғары болуы мүмкін, бірақ мен оның бұл музыкалық пьеса интерпретациясынан ештеңе түсінген жоқпын). Яғни интеллект – барлық адамға тән бола тұра, адамдарды бір-бірінен ажырататын феномен. Осындағы «интеллект» ұғымына берілген үшінші түсінік Гарднердің «көп интеллект» теориясына негіз болған. Ал эмоционалды интеллект теориясы өз бастауын осы Гарднердің көп интеллект теориясынан алады. Бұл теория бойынша интеллект нақты бірнеше жағдайда алып қарастырылады. Яғни автор адамның әлемді және ақпаратты қабылдауы, оның әрекет жасауға мотивациясы мен шешімді қалай қабылдауын бақылай отырып, интеллект типтерін анықтайды. Гарднер (2007) бастапқыда жеті, кейін толықтыра отырып, саралап көрсеткен интеллект түрлері: логика-математикалық интеллект (ақпаратты ұйымдастыруға, себептерді анықтауға, түрлі мүмкіндіктерді көруге

көмектеседі); лингвистикалық интеллект (ойды анық айтуға, басқаға түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді); кеңістік интеллект (ақпаратты образдар, сурет, сызбалар арқылы қабылдау); дене-кинестетикалық интеллект (кез келген мәселені тез шешуге көмектесетін белсенді тип); музыкалық интеллект (нәзік эмоцияларды түсіну мен сезінуге, адамның көңіл-күйін сезіну және жаңа идеялар жасауға мүмкіндік береді); натуралистік интеллект (табиғаттағы және адамдар арасындағы өзара байланысты көруге үйретеді); ішкітұлғалық интеллект (адамға өз эмоциясын, нені қалайтынын түсінуге көмектеседі); экзистенциалды интеллект (жаһандық ойлау және өмірге ғалам заңдары тұрғысынан қарайтын рухани көшбасшының типі); тұлғааралық интеллект (басқа адамдармен тез тіл табысуға көмектеседі). Мұнда көріп отырғанымыздай, эмоционалды интеллектінің де қамтылғаны байқалады. Гарднер ұзақ жылдарға жүргізген зерттеуінің нәтижесінде мынандай қорытынды жасайды: «көп интеллект өз алдына жеке білім берудің мақсаты бола алмайды және болмауы тиіс. Білім беру саласының мәселелері қайта қараулы керек және оны тек ғылыми теория негізінде ғана жасау мүмкін емес. Егер адам білім алуудағы мақсаттарының қандай екендігін ойлағанда, әсіресе, адам бірқатар пәндерді оқуға деген қызығушылықтары болғанда бұл теория оған көмектесетіндігін айтады. Зерттеушінің пайымдауынша, бұл жағдайда адам өзінің биік мақсаттарына қол жеткізу үшін барлық интеллектіні белсенді ете алады.

Гарднердің көп интеллект теориясы негізінде 1990 жылы Мэйер, Сэловей, Карузо өздерінің эмоционалды интеллект теориясын ұсынады және оны интеллектінің ерекше түрі ретінде қарастырады (Mayer, Salovey & Caruso, 2004).

Эмоционалды интеллект—бұл адамның өзінің және басқа адамдардың эмоциясын басқара алуы, эмоцияларды тани алуы, басқа адамдар мен өзінің қалауын, ниеті білуі мен түсінуі. Таратып айтқанда, эмоционалды интеллектінің құрамдас бөліктері немесе аспектілері ретінде мыналарды ажыратып көрсетуге болады: эмоцияны тану және қабылдау; эмоцияны басқару және когнитивті әрекетте эмоцияны қолдану. Адамның өз эмоциясын басқара алуы, басқа адамның эмоциясын түсіне алу қоғамның қай саласында болмасын маңызды саналады. Ал оның, эмоционалды интеллектінің, білім саласына қатысы жайында Коуп пен Калантцис (2004: 38): «бүгінгі ойын-сауықтыру ресурстар мен желілерден бастап, оқу мен жұмысқа дейінгі аралықтың бәрін қамтитын жаһандық цифрлық өмір сүру жағдайында оқу үдерісінде білім алушы мен оқытушының сезімталдығын және эмоционалдығын тұтастай қамтитын білім кеңістігін құру маңызды» деп жазады.

Гоулман (2018) эмоционалды интеллектіні тек когнитивтік қабілет деп ғана емес, эмоцияны сезіну мен білдіре алу қабілеті, яғни таза эмоционалдықты да қамтитын кешенді әлеуметтік күзiреттiлiк ретiнде де қарастырады. Мұнда соңғысы тұлғааралық қарым-қатынас барысында адамның адекватты ұстау қабілеті, өзі мен өзгенің эмоциясын толықтай қабылдай алу—эмпатия, танымдық қызмет барысында эмоционалды тәжірибесін қолдана отырып, эмоцияларды басқару мен бақылау, қадағалай алуы дегенге саяды.

Гадрнер мен Гоулман ұсынып отырған білім беру үлгісінде оқытудың индивидуалды түріне басымдық береді. Алайда мұнда білім берудің белгілі бір сатыларында оқушының мықты жақтарын дамыту жалпы білім беретін бағдарламалардың шеңберінде индивидуалды әдіспен қамтамасыз етудің мүмкін болмай қалу жағдайы ескерілмейді.

Эмоционалды интеллекті теориясын білім беру саласында маңызды екендігін оқу үдерісінде байқалған тәжірибе арқылы бөлісер болсақ, ең алдымен, адамның, біздің жағдайымызда оқушының эмоциясын көрсете алуына негіз болатын жайт – сенімділік. Мұғалім оқушыға сенім артуы арқылы, бір жағынан, жауапкершілік жүктесе, екінші

жағынан, оның өзін еркін сезінуіне де мүмкіндік береді. Еркіндікті сезіну, сол арқылы эмоцияны білдіру келесі күтілетін нәтиже болмақ.

Педагогика саласындағы эмоционалды интеллектіге қатысты мақаласында Смирнова мен Гудова (2022: 90) эмоционалды интеллектіні дамыту білім берудің барлық сатыларында, яғни өн байында, ерте балалық кезеңнен бастап, жоғары мектепті бітіргенге дейін жүру керек екендігін айтады.

Гарднердің (2007: 156) теориясына негізделген оқыту моделі мынандай кезеңдерден тұрады:

- баланың туа беткен қабілеттерін анықтау және бір мезетте әлсіз тұстарын дамыту;

- білім алушыға ұнайтын сабақтарға деген қызығушылықтары көрінетін жағдайларды қалыптастыруға тиімді жағдайларды іздеу және жасау.

Гоулман (2009: 432-434) өзі ұсынатын жалпы білім беру үлгісінде мынандай шарттардың сақталғануына мән беру қажеттігіне тоқталады: «специальная подготовка учителей, поскольку «образование, получаемое учителями, не включает почти ничего из того, что подготовило бы их к преподавательской деятельности такого рода... программы преподавания эмоциональной грамотности, как правило, предоставляют будущим учителям рассчитанную на несколько недель специальную подготовку по методике преподавания этого предмета»; соответствие обучения возрасту: «реализацию программы надо начинать достаточно рано, соблюдать соответствие возрастной группе, осуществлять программу на протяжении всего периода обучения в школе и объединять усилия заинтересованных лиц в школе, дома и в сообществе».

Сонымен, қазіргі педагогикадағы көп интеллекті мен эмоционалды интеллектіге негізделген білім берудің жаңаша үлгісі білім беруде оқушының индивидуалды қырын дамытуға басымдық береді. Бұл орайда Коуп пен Калантцистің (2004: 40) «педагогикалық дизайн» үлгісі атап өтуге болады. Олардың пайымдауынша, білім берудегі табыс оқушылардың оқу үдерісіне қатысу деңгейімен анықталады.

Ал мұның шарты білім беру үлгісінің қаншалықты оқушылардың эмоционалды интеллектісіне негізделетіндігімен, қызығушылықтарын қолдануда болжай алуымен, жағымды эмоциялар, индивидуалды ерекшеліктері мен білім берудің ізденімпаз достыққа құрылған қолайлы ортасын қалыптастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Dijk, V. (2001). Critical Discourse Analysis. Handbook Of Discourse Analysis / D. Tannen, D. Schiffrin, H. Hamilton (Eds). – Oxford: Blackwell, p. 150-152.
- Kalantzis, M., Cope, B. (2004). Designs For Learning // E-Learning, 2004. 1: 38-93.
- Mayer, J.D., Salovey, P. & Caruso, D.R. (2004). Emotional Intelligence: Theory, Findings, and Implications. Psychological Inquiry, An International Journal for the Advancement of Psychological Theory. 15(3): 197-215. https://doi.org/10.1207/s15327965pli1503_02
- Арутюнова Н. (1990). Дискурс. Лингвистический Энциклопедический Словарь. – Москва. – С. 136-137.
- Гарднер Г. (2007). Структура Разума: Теория Множественного Интеллекта. – Москва: Ид Вильямс. -512 С.
- Гоулман, Д. (2009). Эмоциональный Интеллект. – Москва, Аст. -478 С.
- Гоулман, Д. (2018). Эмоциональный Интеллект. Почему Он Может Значить Больше, Чем IQ. – Москва: Манн, Иванов И Фербер.
- Дуйсебекова, Жайнагул Муратқызы, (2019). Ауызша Тілдің Жүйесі Мен Құрылымын Меңгерту Арқылы Филолог-Студенттердің Сөз Мәдениетін Қалыптастыру Әдістемесі. – Алматы. – 180 Бет.

- Ежова, Т. (2009). Проектирование Педагогического Дискурса В Высшем Профессиональном Образовании Будущего Учителя: Дис. ... Док. Пед. Наук. – Оренбург. – 437 С.
- Ерназарова, З. (2017). Дискурс Және Сөйлесім Мақсаты. Кітапта: Прагматический Аспект Дискурса. –Алматы. – 160 С.
- Жолшаева, М., Жаңабекова, Ә. (2021). Covid-19 Пандемиясының Қазақ Медиамәтініндегі Көрінісінің Лингвопрагматикасы. Жинақ: Қазақстан Және Covid-19: Медиа, Мәдениет, Саясат. – Алматы: Deluxe Printery. -365 Б.
- Жумагулова, Б.С. (2009). Полемический Дискурс. - Алматы: Tst – Company. -250 С.
- Звегинцев, А.В. (1976). Предложение В Языке И В С.Речи. – Москва: Московский Университет. – 307 С.
- Иванчикова, Т.В. (2010). Речевая Компетентность В Педагогической Деятельности. – Москва: Наука. -224 С.
- Карасик, В.И. (2004). Языковой Круг: Личность, Концепты, Дискурс. – Москва: Гнозис. – 390 С.
- Кибрик, А.А. (1994). Когнитивные Исследования По Дискурсу. Журнал Вопросы Языкознания, №5: 126-139.
- Комисарова, Т.С. (2008). Механизмы Речевого Воздействия И Их Реализация В Политическом Дискурсе (На Материале Речей Г.Шредера). Автореферат Кандидатской Диссертаций. – Воронеж. -24 С.
- Қазақ Әдеби Тілінің Сөздігі. Он Бес Томдық. 15-Том. – Алматы: Қазақ Энциклопедиясы, 2011. - 824 Б.
- Қазақ Әдеби Тілінің Сөздігі. Он Бес Томдық. 7 - Том. –Алматы: Арыс, 2007. – 752 Б.
- Смирнова, Т. А., Гудова, М.Ю. “Применение Теории Эмоционального Интеллекта В Педагогике”, https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/109074/1/978-5-7996-3441-4_2022_020.pdf